



Ақмешіт

22 маусым
сейсенбі
№49 (1751)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

Жұмабек ӘЛИЕВ,
Ақжарма ауылдық округінің әкімі:

«Менің басты ұстанымым – елге етене жақын болу»

Әсілінде, адамзат баласының қалыптасуы туған жерімен тығыз байланысты болады. Ойткені оның тула бойы туа бітті табиғат анадан берілген ізгі қасиеттерден тұрады. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз осы сөзімізді айқындай түскендей. Себебі оның ішкі рухани жан-дүниесі Сыр суындай мөлдір әрі терең. Білім парасаты биік, өзіндік көзқарасы қалыптасқан азамат.



Әлиев Жұмабек Төлешұлы 2006 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған. 2019 жылдың қорытындысымен «Үздік мемлекеттік қызметші» номинациясының жеңімпазы атанған. Қазіргі таңда Ақжарма ауылдық округі әкімі қызметін абыроймен атқарып келе жатқан білікті басы.

Ол 1958 жылы 1 қарашада Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1965-1975 жылдар аралығында №1 Май орта мектебінде білім алып, алтын ұясын үздік бағамен аяқтайды. Алғашқы еңбек жолын 1975-1976 жылдары Жалағаш ауданына қарасты ЛК «Қазақстан» атындағы совхозда жұмысшы болудан бастайды. Кемел келешек көкжиегін біліммен байланыстырған жас жігіт мектеп қабырғасында алған тәлімін тереңдетіп оқу мақсатында Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында жалғастырады. 1977-1981 жылдар аралығында осы институттың физика-математика факультетінің студенті атанады. Бұл білім ұясында өзінің жоғарғы қарым-қабілетін көрсетіп, кейіннен институттың физиканы оқыту методикасы кафедрасының аға лаборанты болып қызмет атқарады.

1982-1983 жылдары Кеңес әскері қатарында Грозный, Майкоп қалаларында Отан алдындағы борышын өтейді. Жауынгерлік жолында шарболаттай шыңдалған ол елге оралған соң өмір жолын білім саласына бағыттайды. Тасбөгет қыстағындағы №11 орта мектептің комсомол комитетінің хатшысы қызметін де абыройлы атқарады. 1984-1988 жылдары Сырдария аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болса, 1988-1992 жылдары Сырдария аудандық білім бөлімінің әдіскері қызметін атқарды. 1992-1997 жылы №174 орта мектеп директоры болып еңбек етеді.

Өмір жолында жинаған мол тәжірибесін аудан әкімдігінде жалғастырып, Сырдария ауданы әкімінің орынбасары болып тағайындалып, сол жерде жемісті еңбек етеді. 1997-1998 жылы облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бөлім бастығы Жұмабек ағамыз еңбек жолында мәдениет саласында жемісті еңбек етті. 1998-1999 жылы облыс әкімі аппаратының кеңесшісі. 1999-2006 жылдары облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының директоры, 2006-2007 жылы облыстық мәдениет басқармасының бастығы болған жылдары өңір халқының өнері мен мәдениетін дамытуда да айтарлықтай еселі еңбек еткенін әлі күнге дейін жұртшылық ризашылықпен атап жүр.

2013-2017 жылы Тасбөгет кенті әкімі қызметін атқарған кездері кентте тұралап қалған күрмеулі мәселерді шешу жолында өз біліктілігі мен шеберлігін ұштастырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына мүмкіндік жасай білді.

Қазіргі таңда Ақжарма ауылдық округінің әкімі ретінде халыққа қызмет етіп келеді. Сонымен қатар кәсіпкерлік саласы мен жастар ұйымының алдағы жылдарға жасалған жоспарларын жиі қадағалап, соның іс жүзінде жүзеге асуына ықпал етіп келеді. Бұл – білікті басшының басты бағыттары.

Жұмабек Төлешұлы зайыбы екеуі 3 ұл, 5 немере тәрбиелеп отырған отбасы. Бүгінде отбасы тәлімін сіңіріп өскен балалары да әулет абыройын асқататып, ел игілігі жолында қызмет жасап келеді. Міне, мұның барлығы Жұмабек ағамыздың азаматтық һәм адамдық ұстанымынан туындаған тағылым таралымы болатын.

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында бір азаматтың бойына біткен біліктілік пен алғырлық туралы азғантай ғана тоқталып өттік. Дегенмен оның осыншама өмір тәжірибесінде толысқан кемел шағы көпке үлгі-өнеге. – Мемлекеттік қызметші алдымен кішіпейіл болуы керек. Мемлекеттік қызметші халықтың алдында қарапайым мінезімен көрінсе, әрбір жасаған жұмысын ертең елі атап жүрсе, адамның шыққан шыны сол болмақ. Қазір технология дамыған дәуір. Сондықтан мен жастарға заманға бейімделуді қолға алу керек деп ойлаймын. Егемен еліміздің нұрлы болашағы жастардың қолында екені даусыз. Ал жастардың келешегі білімде. Менің басты ұстанымым – елге етене жақын болу, – дейді Жұмабек Төлешұлы өз сөзінде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев Тасбөгет кенті мен Арай тұрғын ауданына барып, аумақтардың бірқатар мәселесін назарға алды.

ЕЛ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Аралауды Тасбөгеттен бастаған қала басшысы кенттің тыныс-тіршілігін, тұрмыс деңгейін көзбен көріп, коммуналдық саладағы және әлеуметтік бағыттағы мәселелерін талқылады. Аралау барысында Тасбөгеттің тірлігін одан әрі түлету мақсатында жауаптыларға бірқатар міндет жүктеп, тапсырмалар берді.

Одан бөлек қала әкімі Арай тұрғын ауданындағы жөндеу жұмыстарын қажет ететін Гүлдала, Арай-9 көшелеріне барды. Қазіргі таңда аталған екі көшенің де жобалық-сметалық құжаттары реттеліп, жұмысты бастау үшін бюджеттен қаржының бөлінуін күтуде. Шаһар басшысы аудандағы Жауқазын көшесіне және стихиялық қокыс тастау аймағына айналған Ұзақ Оралбай мен Сырдария көшелерінің қиылысына да аялдады. Сала басшыларына бұл аймақтардағы бақылауды күшейтуді тапсырған қала әкімі айналасын таза ұстауға қатысты тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігін айтты.

Мұнан соң қала басшысы Арай-Шұғыла аумағының тұрғындарымен кездесті. Аталған аумақ ауыз сумен толық қамтылып, қоғамдық көлік қарастырылған деген тұрғындар жол жөндеу жұмыстарына қатысты мәселе барын айтты. Өз кезегінде қала әкімі биыл Арай-Шұғылада 9 көшеге қиыршық тас төсеу жоспарланғандығын, қазіргі таңда алғашқы жұмыстардың басталып, №8 көшеге тас төсеу жұмыстарының жүргізілгендігін атап өтті.




САРАПТАМА

ҚҰРЫЛЫС ЗАТТАРЫНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Халқымызда «Үйі жоқтың, күйі жоқ» деп тегін айтылмаса керек-ті. Байыбына барсаң, батпандай сөздің салмағы бар. Адамға әуелі үй қажет. Үй болмай, күй болмайды. Анығында ақиқаты – осы. Бастысы, басыңда баспанаң болса басқа базынаң ретімен шешіле береді. Бүгінде үй салу – үлкен мәселе. Құрылыс материалдарының құны туралы халықтың айтар бұйымтайы да жоқ емес. Дәл қазіргі уақыт – баспана құрылысының қызған шағы. Қалада жеке тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Халықтың айтуынша, биыл құрылыс материалдарының бағасы өткен жылмен салыстырғанда екі есеге өскен. Әрине, үй сатып алу оңай, үй салу қиын. Осы орайда, баспана тұрғызуға қанша қаражат жұмсалатынын есептеп, журналистік зерттеу жүргізіп көрдік.

2 БЕТТЕ



КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Нұрлан АҒАДІЛОВ, Қызылорда қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі:

«ЖҰРТҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ» ҚАҒИДАСЫН БЕРІК ҰСТАНАМЫЗ»

Қоғам тыныштығын сақтап, құқық бұзушылықтың алдын алуда қырағылық танытып жүрген тәртіп сақшыларының еңбегі елеулі.



Полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Қызылорда қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Ағаділов Нұрлан Амантұрлымен сұхбаттасқан едік.

2 БЕТТЕ

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?



ҰЛТ ҰЯСЫ – ҰЛЫТАУ

Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша алғашқы ондыққа кіреді. Кең байтақ даламызда таулар да, орман-тоғай мен жазықтар да жетерлік. Бір сөзбен айтқанда, қазақ жерінің үсті де, асты да мол байлыққа тұнып тұр. Осынау таңғажайып табиғаттың тарих беттеріне таспен жазылған өзіндік сыры да бар. Осыған орай газеттегі «Атамекен, мен сені білемін бе?» айдарында барлық облыстың тыныс-тіршілігі үздіксіз жариялануда. Ондағы басты мақсатымыз – әрбір оқырманның туған жердің қадір-қасиетіне терең бойлап, еліміздің әсем табиғатын көзбен көрмесе де, жүрекпен сезінуіне кішкентай болса да үлес қосу.

4 БЕТТЕ

